

А.Ш.ОРАКОВА ^{1*}, Ф.Д.НАМЕТКУЛОВА ¹, Т.Б.КОРНИЛОВА ¹,
А.А.ЖАЙТАПОВА ², Б.А.ТҰРҒЫНБАЕВА ¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
(Алматы қ., Қазақстан)

² Абылай хан атындағы Халықаралық Қатынастар және Әлем тілдері Университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙНЫ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

Мақала, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын жобалаудың ғылыми-әдіснамалық негіздемесін әзірлеу мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекшілігімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің OR 11465474 «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басымдық бағыты бойынша бағдарламалық-нысаналы гранты аясында орындалды.

Жаһандық өзгерістер аясында Қазақстандық білім беру жүйесі халықаралық білім нарығына толық сапалық енуі үшін педагогтар нарықтың жаңаша даму жағдайына сай қызмет етуі тиіс. Сондықтан мемлекеттік сұранысқа сәйкес шығармашылыққа бейім, кәсіби құзіреттілігі қалыптасқан педагогикалық кадрлар дайындау маңызды. Бұл өз кезегінде білім беру саласындағы формальды емес білім беру жүйесін жетілдірудің өзектілігіне әкеледі. Осыған байланысты Білім беру саласындағы Еуропалық Одақтың «Өмір бойы оқу» (lifelong learning – LLL) меморандумы негізгі стратегиялық тұжырымдама ретінде басшылыққа алынды. Мақалада білім беру бағдарламаларын дайындаудағы білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен кәсіби құзіреттерін қалыптастыру және дамыту үшін педагогикалық дизайнның маңыздылығы қарастырылды. Сонымен қатар, ғылыми-теориялық материалдардың талдау нәтижесі ғалымдар «педагогикалық дизайн» ұғымына берілген анықтамаларында оны ғылым, процесс, пән, жүйе ретінде нақтыланғанын анықтаса, мақала авторлары оны құрал ретінде қарастырады. Үздіксіз білім беру контекстіндегі білім беру бағдарламаларының педагогикалық дизайнының жағдайы талданып, оның болашақтағы қолдану басымдықтары белгіленген.

Кілт сөздер: педагогикалық дизайн, білім беру бағдарламасы, үздіксіз білім беру, LLL – lifelong learning, ЖОО педагогтарды даярлау, білім беру ортасы

А.Ш. ОРАКОВА ^{1*}, Ф.Д. НАМЕТКУЛОВА ¹, Т.Б.КОРНИЛОВА ¹,
А.А. ЖАЙТАПОВА ², Б.А. ТУРГУНБАЕВА ¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

² Казахский университет международных отношений и мировых языков Абылай хана
(Алматы, Казахстан)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ДИЗАЙН ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В КОНТЕКСТЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация

Статья выполнена в рамках программно-целевого гранта Министерство образования и науки Республики Казахстан научно-технической программы OR 11465474 «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023 гг.) под руководством Национальной академии образования им. Ы.Алтынсарина целью которого является разработка научно-методических основ проектирования педагогически ориентированных образовательных программ в системе технического и профессионального образования, высших и послевузовских учебных заведений.

В рамках глобальных изменений для качественного проникновения казахстанской системы образования на международные образовательные рынки, педагоги должны уметь работать в новых условиях развития рынка. В соответствии с государственным спросом важна подготовка педагогических кадров способных к творчеству и сформированными профессиональной компетентностью. Это, в свою очередь,

приводит к актуальности совершенствования системы неформального образования в сфере образования. В связи с этим меморандум Европейского Союза «Обучение на протяжении всей жизни» (lifelong learning – LLL) в сфере образования был принят в качестве основной руководящей стратегической концепции. В статье рассмотрена значимость педагогического дизайна для формирования и развития функциональной грамотности и профессиональных компетенций обучающихся при разработке образовательных программ. Кроме того, результаты анализа научно-теоретических материалов выявили, что в определении «педагогический дизайн» ученые обозначали его как науку, процесс, предмет, систему, тогда как авторы статьи рассматривают его как инструмент. Анализируется состояние педагогического дизайна образовательных программ в контексте непрерывного образования, определяются приоритеты его дальнейшего применения.

Ключевые слова: педагогический дизайн, образовательная программа, непрерывное образование, LLL – lifelong learning, подготовка педагогов в вузах, образовательная среда

A. ORAKOVA^{1*}, F. NAMETKULOVA¹, T. KORNILOVA¹,
A. ZHAYTAPOVA², B. TURGUNBAEVA¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

² Kazakh University of International Relations and World Languages named after Abylai Khan (Almaty, Kazakhstan)

PEDAGOGICAL DESIGN OF EDUCATIONAL PROGRAMS IN THE CONTEXT OF CONTINUING EDUCATION: STATE AND PROSPECTS

Abstract

The article was performed within the framework of the program-targeted grant of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan of the scientific and technical program OR 11465474 “Scientific foundations for the modernization of the education and science system” (2021-2023) under the leadership of the National Academy of Education. Y. Altynsarin, the purpose of which is to develop scientific and methodological foundations for the design of pedagogically oriented educational programs in the system of technical and vocational education, higher and postgraduate educational institutions.

Within the framework of global changes, for the qualitative integration of the Kazakhstani education system into international educational markets, teachers need to be able to work in the new market conditions. In accordance with the state demand, it is important to train pedagogical staff capable of creativity and formed professional competence. This, in turn, leads to the relevance of improving non-formal education in education. In this regard, the Lifelong Learning (LLL) Memorandum on Lifelong Learning in Education of the European Union has been adopted as a key guiding strategic concept. The paper examines the importance of pedagogical design for the formation and development of functional literacy and professional competences of learners in the design of educational programmes. In addition, the results of the analysis of scientific-theoretical materials revealed that in the definition of “Pedagogical Design” scientists denoted it as a science, process, subject, system, whereas the authors of the article consider it as a tool. The state of pedagogical design of educational programmes in the context of lifelong learning is analysed and priorities for its further application are identified.

Keywords: pedagogical design, educational programme, Lifelong learning, teacher training in higher education, educational environment

Кіріспе. Бүгінгі Қазақстандық білім беру жүйесінде қойылып отырған талаптар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету қажеттілігінен және осыған байланысты ғылыми ауқымы кең, жоғары технологиялық өндірісте нарықтың жаңаша даму жағдайына сай қызмет ете алатын шығармашылық бейімділігі, басқарушылық құзіреттілігі қалыптасқан кәсіби мамандар дайындауға деген сұраныстан туындап отыр.

Экономиканың жаһандануы білім беру жүйесіне де халықаралық білім нарығына толық енуіне сапа тұрғысынан жаңаша талаптар қояды. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалау жаңа құқықтық, ғылыми-экономикалық негіздерді қалыптастыруға, отандық білім беру жүресінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, халықаралық сапа деңгейіне жетуге кепілдік беретін, сонымен қатар, қоғамның ұлттық мүдделері мен

мемлекет дамуының келешегін ескеретін ұлттық білім беру стратегиясын дайындауға бағытталған. Осы басымдықтардың негізінде отандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енетіні даусыз. Бұл, әрине, мұғалімдердің кәсібилігіне, мәдениетіне және тұлғалық ерекшеліктеріне жоғары талаптар қояды. Жоғары білім беру мен техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту болашақ мұғалімдердің бойында заманауи кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл олардың мамандықты түсінуге және шеберлікке бағыттай алатын білім беру ортасын жобалауды талап етеді.

Бұл тапсырманы орындау үшін келесі әрекеттерді орындау қажет: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру мен жоғары білім беру жүйесіне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын енгізу (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген) [1], инклюзивті білім беруді енгізу, білім сапасын бағалаудың критериалды жүйесін дамыту және т.б. сияқты шаралар деп аталады.

Техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары білім беру және қосымша кәсіптік білім беру жүйесі мұғалімдерінің кәсіби қызметінің негізгі мақсаты студенттердің білімді меңгеру, кәсіптік біліктілікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дағдылар мен біліктіліктерді қалыптастыру және дамытудағы қызметін ұйымдастыру болып табылады. Осы бағытта педагогикалық мамандықтар даярлайтын жоғары оқу орындарындағы іс-әрекет, студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуы үшін педагогикалық жағдайлар жасау, олардың білімін тереңдету және кеңейту қажеттіліктерін қанағаттандыруды қажет етеді.

Білім беру саласында Еуропалық Одақ «Өмір бойы оқу» (lifelong learning – LLL) туралы меморандум қабылдады. LLL білімге негізделген экономика мен қоғамға сәтті көшуді қамтамасыз ету шарты ретінде қарастырылады[2].

Зерттеу проблемамызға сәйкес педагогикалық дизайн үздіксіз білім беру контекстінде өзара байланысты үш міндетті: ортақ мәдениетті арттыру, кадр ресурстарын құру және оларды жаңғырту шешуге тиіс. Процесс ретінде ол мамандардың сапалы дайындығын қамтамасыз етеді, олардың маңызды сипаттамалары кәсіби икемділік пен ұтқырлық, қажет болған жағдайда әлемдік және мемлекеттік масштабта әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жаһанданған жағдайында тез қайта даярлау немесе тіпті мамандықты өзгерту мүмкіндігі болып табылады [3].

Негізгі бөлім. Нарықтың құбылмалылығы білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың өзгеруін, заманауи үрдістер мен сын-қатерлерді, соның ішінде «Педагогтің үздіксіз білім беру моделінің» жоқтығын және ақпараттық орта мен білім беру кеңістігінің қарқынды дамуын ескере отырып, мұғалімдерді даярлау бағдарламаларын жаңартуды талап етеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) ең табысты оқу орталарын зерттеуі оны құру үшін мұғалімдерден:

- пән мазмұны мен оны оқыту әдістемесін меңгеруді;
- жағдайларға байланысты және тапсырмаға сәйкес қолданылатын оқыту әдістері мен стратегияларды;
- білім алушының өз бетінше ізденуіне ықпал етуді;
- жалпы және әрбір жеке жағдайда оқыту қалай өтетінін, әр білім алушының ынтасы неде екенін, оның білім алу ортасынан тыс жерде қалай өмір сүретінін түсінуді;
- тиімді оқыту үшін техникалық құрылғыларды пайдалануды, оқытуда цифрлық ресурстарды оңтайландыруды және әрбір білім алушының үлгерімін бақылау үшін ақпараттық жүйелерді қолдануды;
- басқа педагогтармен, жұмыс берушілер өкілдерімен және серіктестермен бірлесіп оқу ортасын жобалау, басқару және жоспарлауды;
- өз тәжірибесіне рефлексия жасай алуды және өз тәжірибесінен және басқалардың тәжірибесінен үйренуді талап етеді [4].

Осы бағытта педагогикалық мамандар даярлайтын Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Павлодар педагогикалық университеті және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «Көркем білім, графика және дизайн», «физика-математика», «орыс тілі мен әдебиеті», «шетел тілі: екі шетел тілі» мамандықтары бойынша бакалавр, магистратура, PhD докторантураның білім беру бағдарламаларына талдау жасау арқылы анықтағанмыз:

- ұсынылған нәтижелер оқу бағдарламаларына енгізілуі тиіс құзыреттердің барлық жиынтығын қамтымайды;

- білім беру бағдарламаларын Б.Блум таксономиясы жүйесіне сәйкес талдағанда білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыру жеткілікті деңгейде қарастырмайды, бұл бағдарламалардың жүйелілігінің, сабақтастығы мен тұтастығының жоқтығын көрсетеді.

Сұранысқа ие және университеттерде жалған білім беру ортасы студенттерге қамтама өзін тануға, олардың оқу қажеттілік-

терін қанағаттандыруға және білімді жеке құндылық ретінде қабылдауға мүмкіндік беруге бағытталған. Студенттер қауымдас-тығының бірегейлігіне сәйкес келетін білім беру ортасын дизайн идеясының өзектілігі инновациялық педагогикалық технологияларды енгізумен, заманауи білім беру мазмұнын дизайнмен, студенттердің өзіндік жұмыстарының көлемін ұлғайтумен, білім беру нәтижелерін диагностикалау және бақылау жүйесін өзгерту, кәсіби сынақтар мен алғашқы тәжірибені алу мүмкіндігін беру және т.б. [5].

Білім берудің жаңа мақсаттары оларға жету құралдарын іздеуге ынталандырады. Осы жағдайларда болашақ мамандарды дайындау үшін дамып келе жатқан, кәсіби бағдарланған білім беру ортасын құруда педагогикалық дизайнның маңыздылығы өзектіленеді.

Осы бағытта зерттеу тақырыбы аясында педагогикалық дизайнның даму тарихына талдау жасап [6], эволюциялық кезеңдерін анықтадық (сурет 1):



Сурет 1 – Педагогикалық дизайн теориясының эволюциясы

Педагогикалық дизайнның мәнін теориялық негіздеуде ғалым-педагогтар М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, М.И. Нежурина, Е.В. Оспенникова, А.Ю. Уварова және басқалары, сонымен қатар шетелдік – Р.Глазер, Т.Рэган, П.Смит, С.Мак Гриф және басқалары, педагогикалық дизайн теориясының дамуына американдық дидактиктер мен психологтар Д.Брунер, Н.Краудер, Г.Найсер, С.Пайперт, Б.Скиннер және т. б. әсер етті. Қазіргі уақытта шетелдік білім берудегі педагогикалық дизайн

мәселелерін зерттеу басым бағыттардың бірі болып табылады (Джорджия университеті, Роосевелт университеті, Флорида университеті, Фрайбург университеті және т.б.). Ресейлік білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді педагогикалық дизайнға оқыту мәселесі Г.А. Бордовский, А.Д. Иванников, К.Г. Кречетников, Е.С. Полат, А.Ю. Уваров, В.Н. Подковырова, Е.В. Абызова, П.В. Афанасьева, Е.В. Оспенникова, С.А. Курносова, М.В.Моисеева А.Г. Клепи-

кованың және т. б. еңбектерінде қарастырылды. Ал Қазақстандық ғалымдар М.Б. Бакенова, Г.С. Исмуратова, В.А. Мадин, Е.Шмакова, А.Б. Айтбаева, Ж.Н. Шайгозова, Г.С. Райсханова және т.б. педагогикалық дизайнды педагогикалық технология ретінде ақпараттық білім беру жүйесінде қарастырады.

Педагогика саласында «педагогикалық дизайн» термині ағылшын тілінен алынған және бірнеше аудармалары бар:

- Instructional design – Оқу материалдарын әзірлеу
- Learning design – Оқу процесін әзірлеу
- Learning environment design – Оқу ортасын әзірлеу
- Learning activities design – Оқушылардың оқу әрекетінің дизайны [7].

Сонымен қатар, Джост Ловик педагогикалық дизайнды – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды педагогикалық жобалаудың күрделі мәселесі ретінде бірнеше тұрғыдан қарастырылады.

Дизайнның фокусы микродеңгейде:

- енгізу (нұсқау агенттері және негізгі субъектілер ретінде оқушылар);
- қоршаған ортамен өзара әрекеттесу (мектеп, әлеуметтік орта, виртуалды сынып);
- шығыс (оқу өнімі) [8].

Әртүрлі дереккөздерде ғалымдар педагогикалық дизайнға өз анықтамаларын берген. Ғылыми еңбектерді талдай келе төмендегі 1-кестеде зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынатын анықтамалардың кейбіріне тоқталдық [6]:

Кесте 1. «Педагогикалық дизайн» ұғымына берілген анықтамалар

R. Gagne	Педагогикалық дизайн-оқыту қатаң түрде педагогикалық нұсқаулыққа сүйенеді. Зерттеуші оқу процесін ақпараттандыруға маңызды рөл бөледі [Gagne, 1985].
R.Richey	Педагогикалық дизайн – білім беруге негізделген жағдайларды әзірлеу, бағалау және жүзеге асыру шарттары толық сипатталған ғылым [Richey, 1986].
G. Reinmann	Педагогикалық дизайн – бұл, оқытудың қажеттіліктері мен мақсаттарын талдауды, сондай-ақ осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін дидактикалық құралдарды дамытуды қамтитын процедуралар жүйесі [Reinmann et al., 2009].
McArdle	Педагогикалық дизайн – оқыту мәселесін айқындау үшін жүйелік үдерістерді қолдану, осы мәселенің шешімін табу үшін не істеу қажеттігін сезіну және осы шешімдерді жүзеге асыру дегенді білдіреді [McArdle, 2010].
W. Dick, L. Carey, J. O. Carey	Педагогикалық дизайн-оқытудың жүйелі түрі ретінде (нұсқауларды орындау емес). Оқу мәнмәтіні мен мазмұнының өзара байланысы: оқу ортасы, оқушыларға материалдарды жеткізу тәсілдері, оқу іс-шаралары және оқыту нұсқаулары. [Dick et al., 2005].
А.Ю. Уваров	Педагогикалық дизайн оқу материалдарын жобалау, әзірлеу, бағалау және пайдалану процесінде тиімді оқу жұмысы (оқу және оқыту) туралы білімді (принциптерді) жүйелі (жүйеге келтірілген) пайдалану ретінде [Уваров, 2003].
Е.В. Тихомирова	Педагогикалық дизайн мазмұнына, стиліне және баяндау ретіне, сондай-ақ оны көрсету тәсілдеріне негізделген оқу курсының құрудың жүйелі тәсілі ретінде көрсетеді. [Тихомирова, 2017].
М.В. Моисеева, В.Н. Подковырова, И.М. Радченко	Зерттеушілер педагогикалық дизайнды педагогикалық технология, педагогикалық жүйелерді құрудың мақсатты процесі, оқу материалдарын тартымды, тиімді ететін құрал ретінде қарастырады [Моисеева, Подковырова, Радченко, www].
С.А. Курносова	Педагогикалық дизайн-студенттер өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін толық ашып, қажетті жеке қасиеттерін көрсете алатын ақпараттық-білім беру кеңістігі [Курносова, 2011].
А.Г.Клепикова	Педагогикалық дизайн-бұл ақпараттық-білім беру ортасында психологиялық-педагогикалық, технологиялық, эргономикалық және әдістемелік талаптарға негізделген электронды оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеудің тұтас процесі, соның ішінде осы әзірлемелердің тиімділігін талдау, жобалау, әзірлеу, қолдану, бағалау [А.Г.Клепикова, 2009].

К.Г. Кречетников	Педагогикалық дизайнның негізгі мақсаты – оқушыға барынша ұтымды бейнелеу, өзара байланыс және білім беру ресурстарының әртүрлі түрлерін үйлестіру негізінде субъектілердің психологиялық қолайлы және педагогикалық тұрғыдан дұрыс дамуы қамтамасыз етілетін ортаны құру және қолдау екенін көрсетеді [К.Г. Кречетников, 2019]
------------------	---


Талдау. Берілген анықтамаларды қорытындылай келе, біздің зерттеу аямызда, **педагогикалық дизайн** – бұл оқыту мен оқу материалдары тартымды, тиімді, нәтижелі болатын педагогикалық құрал ретінде қарастырамыз.

Педагогикалық дизайн, ең алдымен, курсты мазмұнды ақпаратпен толтыруға, көрсетілімнің дәйектілігін қалыптастыруға және оқу материалын ұсынудың заманауи әдістерін енгізуге бағытталған.

Курстың жүйелі дамуы білім алушы үшін қол жетімді түрде ақпараттың толық берілуіне

байланысты. Бірақ ұсыну фактісі білім алушының материалдың мазмұнын нақты қабылдауына қол жеткізу сияқты маңызды емес, қабылдаудың қолжетімділігін, алған білімдерін практикада қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызды.

Педагогикалық дизайн принциптерін педагогиканың осы бағытының негізін қалаушылардың бірі Роберт Ганьенің оқыту теориясы жүйесін [9] мынадай сызба түрінде визуалдандырамыз:



2-сурет. Р.Ганьенің оқыту теориясы

Оқу курсын құрастырған кезде оның Осы позициядан педагогикалық дизайнның негізін салушылардың бірі Роберт Ганьенің тоғыз қағидасы кіреді:

Бірінші қағида – оқушылардың назарын аудару. Білім алушылардың назарын аудару үшін кез келген мүмкіндікті пайдаланыңыз: мультимедиа, сұрақтар, проблемалық жағдай, күтпеген фактілер және т.б. Оқытудың міндеттері мен мақсаттарын түсіндіру. Осы қағидаға сәйкес, оқытудың не үшін қажет екендігі туралы түсінік қана емес, сонымен қатар оқу курсынан, мотивациядан күтілетін деңгей де қалыптасады.

Екінші қағида – оқу мақсаттарын анықтау. Білім алушылардың не күтетінін болжаңыз,

тақырыпты оқу барысында қандай жаңа нәрселерді үйренетінін, алған білімдері мен қалыптасқан дағдыларын олардың қайда қолданатынын айту.

Үшінші қағида – өткен материалды еске түсіру. Білім алушылардан бұрыннан білетін және зерттелетін тақырыпқа қатысты ақпаратты қалпына келтіріңіз. Еске түсіруге машықтандыру үшін алдыңғы ақпаратты қорытындылаңыз немесе оқушылардың ақпаратты қаншалықты есте сақтауын көру үшін викторина немесе басқа тапсырма арқылы тексеріңіз.

Төртінші қағида – жаңа материалды түсіндіру. Мәтін, графика, фотосуреттер, анимациялар, тірек сызбалар арқылы

оқушыларға оқытылатын материал туралы түсінік беру. Жадының шамадан тыс жүктелуін болдырмаңыз, ақпаратты реттеңіз, оны фрагменттерге бөліңіз.

Бесінші қағида – нұсқаулық беру. Білім алушыларға оқу мазмұнын игеруге кеңес беріңіз. Білім алушыларға мысалдар келтіріңіз немесе оларды қол жетімді пайдалы ресурстарға бағыттаңыз. Оқу материалында инфографиканы, сонымен қатар басқа оқу нысандарын қолданыңыз. Нақты ынталандыруды жадтың қолма-қол мазмұнымен байланыстырыңыз (семантикалық кодтау), өйткені бұл процестің нәтижесін субъект қабылдау ретінде сезінеді.

Алтыншы қағида – іске асыру. Білім алушылардан алған білімдерін, дағдыларын немесе үйренген мінез-құлық үлгілерін қолдана білу түрінде жауап алыңыз, интерактивті элементтерді қолданыңыз. Білім алушылар алған білімдерін немесе дағдыларын көрсетуі немесе жеткізуі керек. Оқу процесін геймификациялауды қолданыңыз.

Жетінші қағида – кері байланысты қамтамасыз ету. Білім алушылар алған білімдерін немесе дағдыларын көрсеткеннен кейін дереу кері байланыс жасаңыз. Білім алушылардың жауаптарын түзетіңіз, олардың мінез-құлқын талдаңыз. Позитивті кері байланыс күшейтуді қамтамасыз етеді, ал сындарлы кеңес оларға білім немесе дағды қателерін анықтауға және женуге көмектеседі.

Сегізінші қағида – өнімділікті бағалау. Оқыған оқу материалы негізінде тесттер немесе тапсырмалар арқылы білім алушыларды бағалау. Білім алушылардың оқу үлгерімі туралы хабарлау. Үлгерімді бағалау оқытылатын оқу материалын қалпына келтіруді (қайтаруды) қамтамасыз етеді.

Тоғызыншы қағида – сақтауды күшейту. Алынған білімді сақтауға және беруге қолдау көрсетіңіз. Білім алушылар білім мен дағдыларды жаңа салаларға ауыстыру қажет болатын жағдайларды жасаңыз. Олар өз білімдерін жаңарту үшін пайдалана алатын негізгі нұсқаулықтарды, анықтамалық материалдарды ұсыныңыз [17].

Кез келген білім беру ресурстарын құру кезінде педагогикалық дизайнды пайдалану оқу процесін ең тиімді, технологиялық

жобаланған етіп жоспарлауға мүмкіндік береді. Ал жоспарлаудан күтілетін нәтижеге дейінгі аралықтағы ұйымдастырылатын әрекет көптеген авторлардың пікіріне педагогикалық дизайнның келесі негізгі принциптерге негізделеді:

- ғылыми – оқу материалын ұйымдастырудың теориялық негізделген және тәжірибеде дәлелденген әдістері мен тәсілдерін пайдалану;

- көрнекілік – білім алушылардың ақпаратты қабылдау каналдарының максималды санын оқытуға негізделген түрде тарту;

- ғылымның қолжетімділігі – ғылыми білімнің қолжетімділігін және оларды білім алушылардың пайдалануын қамтамасыз ету; білімнің күрделілік деңгейі білім алушылардың таяудағы даму аймағында болуы тиіс;

- ойлаудың көрнекілігі – қабылдау мен оқыту психологиясын барынша есепке алу, таным процесінің барысын көрсетуді қамтамасыз ету;

- үздіксіздік және сабақтастық – оқу курстарының, тәртіптердің, қағидалар мен оларды игеру құралдарының келісілуін қамтамасыз ету;

- жайлылық – білім алушыларға ыңғайлылық пен қабылдаудың эргономикасын қамтамасыз ету [6,3].

Біз, зерттеу жұмысымыздың үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыруда жоғарыда аталған педагогикалық дизайнның негізгі принциптерін басшылыққа аламыз.

Педагогикалық дизайнның түпкі мақсаты білім беру контентін дайындау болып табылатын педагогикалық жүйені құру, проблемаларды талдау және шешу жолдарын табу процесі ретінде анықталады.

Педагогикалық дизайнның міндеті – жоспарланған педагогикалық нәтижеге жету үшін нақты педагогикалық әрекеттерді құрастыру; мазмұны мен мақсатты аудиторияны ескере отырып, білім мен күзінеттілікте қалаған өзгерістерді жүзеге асырудың ең тиімді педагогикалық ортасын құру процесі. Сонымен, педагогикалық дизайн білім алушыға бағытталған, жеке тұлғаға бағытталған білім беру бағдарламасын және оны дамытудың оңтайлы ортасын сапалы құрастыру үшін тұлғаға әсер етудің педагогикалық-психологиялық құралдарын білдіреді.

Білім беру және үздіксіз білім беру ортасын жобалаудағы белсенділік тәсілі білімді меңгеруге ғана емес, сонымен қатар оны меңгеру әдістеріне, ойлау мен әрекеттің үлгілері мен әдістеріне, оқушының танымдық күштері мен шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталғандығын төменде берілген анықтамадан көріп отырмыз. Яғни, **үздіксіз білім беру (LLL)** – білім беру жүйесінің бірлігі мен тұтастығын, жеке тұлғаның өзіндік білім алуы мен жан-жақты дамуы үшін жағдай жасалуын, әртүрлі деңгей мен басқыштағы сараланған, келісілген, сабақтастықтағы білім беру бағдарламаларының жиынтығын қамтамасыз ететін, азаматтарға өмір бойы жалпы және кәсіптік білім алу, қайта даярлау, біліктілігін арттыруына мүмкіндік беретін және білім алу құқығын жүзеге асыруға кепілдік беретін өмір бойы білім алу. [18].

Педагогикалық дизайн сонымен қатар өзін-өзі диагностикалауды, мүмкіндіктерді, проблемаларды, қиындықтарды және жетістіктерді өзіндік талдауды қамтиды.

Негізгі мамандық бойынша білім беру бағдарламасын, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени іс-шаралардың нәтижелері жеке білім беру бағыттарын (траекторияларын) құру білім беру саласына мүдделі бүкіл білім беру қоғамдастығымен (педагогтар, тьютор, куратор, білім беру ұйымының әкімшілігі, жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер және т.б.) бірлесіп жүзеге асырылуы тиіс. Ұйымдастыру мен жобалау нәтижелерін бірлесіп талқылай отырып, осы процесті психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін қатысушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырған жөн.

Қорытынды. Қорытындылай келе, білім алушының кәсіби құзіреттілігі тек оқу бағдарламасымен, білім беруді даралаумен, оқыту әдістерімен ғана емес, сонымен қатар оның оқу кезеңінде оның өмірінің бір бөлігіне айналатын университеттің білім беру ортасымен де қалыптасатынын атап өтеміз.

Сонымен қатар, болашақта жоба аясында мынадай мақсаттарды жүзеге асырамыз деп жоспарлаймыз:

- Қазақстан Республикасының барлық деңгейлер бойынша білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды ұйымдастыру және сапасын қамтамасыз ету;

- басқарушылық-педагогикалық корпус-тың кәсіби құзіреттілігін арттыру;

- Үздіксіз білім беруді мониторингтеу және статистикалық есепке алу.

- *Негізгі міндеттері:*

- формальді емес білім беруде білім беру бағдарламаларын әзірлеуге жағдай жасау;

- педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру, кәсіби қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу;

- курсаралық кезеңде және оқу процесінде қолдану үшін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу;

- «Педагогтің үздіксіз білім беру моделін» апробациялау, халықаралық ғаламдық байланыс желілеріне шығу;

- білім беру жүйесінің басқа да оқу және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, қоғамдық және шығармашылық одақтармен және ұйымдармен, шетелдік өкілдіктермен, қорлармен, қауымдастықтармен ынтымақтастық.

Жоба аясында формальды емес білім беру жүйесінің басым бағыттары ретінде келесідей іс-шараларды ұйымдастырылуы керек:

- Қазақстан Республикасының барлық деңгейлер бойынша білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесі үшін нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу;

- тыңдаушылардың біліктілігін арттыру сапасын тиімді бағалау бойынша мониторинг және статистикалық есепке алу жүйесін құру;

- Халықаралық сапа стандарты контекстінде педагог кадрлардың функционалдық сауаттылығын және кәсіби құзіреттіліктерін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (дата обращения: 11.08.2022)

[2] A Memorandum on Life-Long Learning (2000). Working Group “Education and Training Statistics” Meeting. November 13-14, Eurostat/E3/2000/ETS02.

[3] Об утверждении Концепции обучения в течение всей жизни (непрерывное образование) Постановление Правительства Республики Казахстан от 8 июля 2021 года № 471. [Электронный ресурс]. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000471> (дата обращения: 13.08.2022)

[4] Оқытушыға арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 49 б.

[5] Шапран Ю.П., Шапран О. И. Образовательная среда вуза: типология, функции, структура // Молодой ученый. 2015. №7. С. 881-885.

[6] А. П. Грецова, Н. Г. Недогреева, Ю. В. Прибылова. Осмысление понятия «педагогический дизайн» через историю его развития. [Электронный ресурс]. // <https://pandia.ru/text/77/283/90820.php> (дата обращения: 21.08.2022)

[7] Воронина Д.В. Педагогический дизайн в современной России: проблемы и пути развития. [Электронный ресурс]. // <http://publishing-vak.ru> (дата обращения: 21.08.2022)

[8] Lowyck, J. Handbook of Research on Educational Communications and Technology: Fourth Edition, 2014, pp. 3–20. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6507081786> (дата обращения: 12.01.2023)

[9] Gagné R.M. The conditions of learning and Theory of Instruction, 4th ed. New York: Holt, Rinehart & Winston, 1985. 352 p.

[10] Richey R. (1986). The Theoretical and Conceptual Bases of Instructional Design. New York: Nichols.

[11] Reinmann G., Florian A., Häuptle E., Metscher J. Wissenschaftliche Begleitung von Blended Learning in der Lehrerfortbildung. Konzept, Methodik, Ergebnisse, Erfahrungen und Empfehlungen am Beispiel “Intel® Lehren – Aufbaukurs Online”. Münster: MV-Wissenschaft, 2009. 180 S.

[12] McArdle G. (2010). Instructional design for action learning. New York. 304 pp. Retrieved from <http://m.friendfeedmedia.com/>

[13] Walter D., Carey L., Carey J.O. The Systematic Design of Instruction, 6th ed. Allyn & Bacon, 2005. P. 1-12.

[14] Педагогический дизайн: программы, среда, технологии: Периодический сборник научных и методических материалов. Том 1. – М.: ООО «А-Приор», 2020. – 185 с.

[15] Шмигирилова И.Б., Дарбаева Д.К., Рыбалко Н.А., . 2022. Педагогический дизайн как средство повышения эффективности обучения в условиях цифровизации. // *Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки»*. 74, 2 (июн. 2022), 46–53. DOI: <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.05>.

[16] Шмакова Е. Педагогический дизайн в вузе: «интервью с автором» как нелинейный метод преподавания литературы // Педагогика и психология. – 2021. – № 4(49). – С.188–195: DOI: 10.51889/2021-4.2077-6861.22. [Электронный ресурс]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/375> (дата обращения: 21.08.2022)

[17] Андреев А.В., Усова Н.А. Применение принципов педагогического дизайна при проектировании учебных занятий по информатике. DOI 10.22363/2312-8631-2019-16-4-308-317 // RUDN Journal of Informatization in Education 2019 Vol. 16 No. 4 308–317 [Электронный ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-printsipov-pedagogicheskogo-dizayna-pri-proektirovanii-uchebnyh-zanyatij-po-informatike> (дата обращения: 22.08.2022)

[18] Словарь согласованных терминов и определений в области образования государств-участников Содружества Независимых Государств. – М., 2004. С. 55

[19] В.В. Спасенников, М.В. Хохлова, Е.А. Ермакова. Педагогический дизайн в высшем и среднем профессиональном образовании (обзор материалов Всероссийской научно–практической конференции) // ЧЕЛОВЕК И ОБРАЗОВАНИЕ. 2021. № 2 (67). – С. 167-172. [Электронный ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskij-dizayn-v-vysshem-i-srednem-professionalnom-obrazovanii-obzor-materialov-vserossiyskoj-nauchno-prakticheskoy> (дата обращения: 21.08.2022)

[20] Чернобай Е. В., Корешникова Ю. Н. Дидактика и педагогический дизайн: что общего и что особенного? // Отечественная и зарубежная педагогика. 2021. Т. 1, №5 (78). С. 177–190. DOI: 10.24412/2224-0772-2021-78-177-190 (дата обращения: 21.08.2022)

[21] Тихомирова Е. 800 слов про педагогический дизайн [Электронный ресурс]. URL: (дата обращения: 21.08.2022)

[22] Pedagogical design of “inverted” learning resources for home study. Barkhatova, D.A., Khegay, L.B., Pak, N.I. *Perspektivy Nauki i Obrazovania*, 2022, 60(6), pp. 244–262. scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85148470203&origin=resultslist (дата обращения: 21.01.2023)

References

[1] «Мектепке деингі тәрбие мен оқытудың, bastauyş, negizgi orta, jalpy orta, tehnikalyq және käsıptık, orta bilimnen keingı bilim berudiñ memlekettik jalpyға mindetti standarttaryn bekıtu turaly» Qazaqstan

Respublikasy Oqu- aǵartu ministrınıń 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 búrıyǵy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (data obrashcheniya: 11.08.2022)

[2] A Memorandum on Life-Long Learning (2000). Working Group «Education and Training Statistics» Meeting. November 13-14, Eurostat/E3/2000/ETS02.

[3] Ob utverzhenii Kontseptsii obucheniya v techeniye vsey zhizni (neprevyaynoye obrazovaniye) Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 8 iyulya 2021 goda № 471. [Elektronnyy resurs]. // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000471> (data obrashcheniya: 13.08.2022)

[4] Oqytuşyǵa arnalǵan núsqaulyq. «Nazarbaev Ziatkerlik mektepterı» DBBŪ Pedagogikalyq şeberlik ortalyǵy, 2018. – 49 b.

[5] Shapran YU.P., Shapran O. I. Obrazovatel'naya sreda vuza: tipologiya, funktsii, struktura // Molodoy uchenyy. 2015. №7. S. 881-885.

[6] A. P. Gretsova, N. G. Nedogreyeva, YU. V. Pribylova. Osmysleniye ponyatiya «pedagogicheskiy dizayn» cherez istoriyu yego razvitiya. [Elektronnyy resurs]. // <https://pandia.ru/text/77/283/90820.php> (data obrashcheniya: 21.08.2022)

[7] Voronina D.V. Pedagogicheskiy dizayn v sovremennoy Rossii: problemy i puti razvitiya. [Elektronnyy resurs]. // <http://publishing-vak.ru> (data obrashcheniya: 21.08.2022)

[8] Lowyck, J. Handbook of Research on Educational Communications and Technology: Fourth Edition, 2014, pp. 3–20. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=6507081786> (data obrashcheniya: 12.01.2023)

[9] Gagné R.M. The conditions of learning and Theory of Instruction, 4th ed. New York: Holt, Rinehart & Winston, 1985. 352 p.

[10] Richey R. (1986). The Theoretical and Conceptual Bases of Instructional Design. New York: Nichols.

[11] Reinmann G., Florian A., Häuptle E., Metscher J. Wissenschaftliche Begleitung von Blended Learning in der Lehrerfortbildung. Konzept, Methodik, Ergebnisse, Erfahrungen und Empfehlungen am Beispiel «Intel® Lehren – Aufbaukurs Online». Münster: MV-Wissenschaft, 2009. 180 S.

[12] McArdle G. (2010). Instructional design for action learning. New York. 304 pp. Retrieved from <http://m.friendfeedmedia.com/>

[13] Walter D., Carey L., Carey J.O. The Systematic Design of Instruction, 6th ed. Allyn & Bacon, 2005. P. 1-12.

[14] Pedagogicheskiy dizayn: programmy, sreda, tekhnologii: Periodicheskiy sbornik nauchnykh i metodicheskikh materialov. Tom 1. – M.: OOO «A-Prior», 2020. – 185 s.

[15] Shmigirilova I.B., Darbayeva D.K., Rybalko N.A., . 2022. Pedagogicheskiy dizayn kak sredstvo povysheniya effektivnosti obucheniya v usloviyakh tsifrovizatsii. //Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «Pedagogicheskiye nauki». 74, 2 (iyun. 2022), 46–53. DOI:<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.05>.

[16] Shmakova Ye. Pedagogicheskiy dizayn v vuze: «interv'yu s avtorom» kak nelineynyy metod prepodavaniya literatury // Pedagogika i psikhologiya. – 2021. – № 4(49). – S.188–195: DOI: 10.51889/2021-4.2077-6861.22. [Elektronnyy resurs]: URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/375> (data obrashcheniya: 21.08.2022)

[17] Andreyev A.V., Usova N.A. Primeneniye printsiptov pedagogicheskogo dizayna pri proyektirovaniy uchebnykh zanyatiy po informatike. DOI 10.22363/2312-8631-2019-16-4-308-317 // RUDN Journal of Informatization in Education 2019 Vol. 16 No. 4 308–317 [Elektronnyy resurs]: URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-printsiptov-pedagogicheskogo-dizayna-pri-proektirovaniy-uchebnyh-zanyatiy-po-informatike> (data obrashcheniya: 22.08.2022)

[18] Slovar' soglasovannykh terminov i opredeleniy v oblasti obrazovaniya gosudarstv-uchastnikov Sodruzhestva Nezavisimyykh Gosudarstv. – M., 2004. S. 55

[19] V.V.Spasennikov, M.V. Hohlova, E.A. Ermakova. Pedagogicheski dizain v vysshem i srednem profesionálnom obrazovanii (obzor materialov Vserossiskoi nauchno–prakticheskoi konferensii) //CHELOVEK I OBRAZOVANIE. 2021. № 2 (67). – S. 167-172. [Elektronnyi resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskiy-dizayn-v-vysshem-i-srednem-professionalnom-obrazovanii-obzor-materialov-vserossiyskoy-nauchno-prakticheskoy> (data obraşeniya: 21.08.2022)

[20] Chernobai E. V., Koreşnikova İ. N. Didaktika i pedagogicheski dizain: chto obşego i chto osobenogo? // Otechestvennaia i zarubejnaia pedagogika. 2021. T. 1, №5 (78). S. 177–190. DOI: 10.24412/2224–0772–2021–78–177–190 (data obraşeniya: 21.08.2022)

[21] Tihomirova E. 800 slov pro pedagogicheski dizain [Elektronnyi resurs]. URL: (data obraşeniya: 21.08.2022).

[22] Pedagogical design of “inverted” learning resources for home study. Barkhatova, D.A., Khegay, L.B., Pak, N.I. Perspektivy Nauki i Obrazovania, 2022, 60(6), pp. 244–262. scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85148470203&origin=resultslist (data obrashcheniya: 21.01.2023)